

Кадрбек Ж., Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, Бизнес, құқық және технологиялар факультеті, СПД-20-1к тобы, студент
(Ғылыми жетекшісі – п.ғ.м., аға оқытушы Бажикеев К.К.)

ШАЛ АҚЫННЫҢ (ТІЛЕУКЕ ҚҮЛЕКЕҰЛЫ) ЛИРИКАЛЫҚ ӨЛЕНДЕРІ: ТАҚЫРЫБЫ МЕН ИДЕЯСЫ, КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Шал ақынның шығармалары негізінен 1960 жылдан басылып шыға бастады, сол кездері оның шығармалары туралы ғылыми-зерттеу мақалалары да жарияланды. «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындары шығармалары» (1962), «Үш ғасыр жырлайды» (1965) басылымдарының алғы сөздерінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, профессор И. Дүйсенбаев Шал ақынның шығармаларын Бұхар жырау, Тәттіқара, Ақтамберді есімдерімен қатар қояды. Шал ақынның мұраларын әдебиеттанушылар — Х. Сүйіншәлиев, М. Мағауин, Ғ. Абетов, Ш. Елеуқенов, Ә. Дербісәлин, Ө. Күмісбаев тағы басқалар зерттеген. Шал ақынның шығармалары жоғарыда аталған басылымдардан басқа «Алдаспан» (1971), «XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы» (1982), «Бес ғасыр жырлайды» (1985–1989) жинақтарына енген.

1999 жылы Алматының «Дайк-Пресс» баспасынан «Шал Құлекеұлы» (Шығармалары. Зерттеулер) атты 364 беттік көлемді кітап басылып шыққан болатын. Кітаптың алғы сөзін жазған филология ғылымдарының докторы, профессор М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми жетекшісі Жұмат Тілеповтың айтуынша: «Шығармаларын үлкеннен кіші, ұрпақтан ұрпақ жаттап, есімі ғасырдан ғасырға өлмей жетіп отырған Шал Құлекеұлы туралы алғашқы жазба дерек Шоқан Уәлиханов еңбегінде кездескенімен, ақынның бүкіл шығармашылық болмысын танытарлық туындыларының негізінен хатқа түсіп, зерттеліп қалың оқырманмен кеңінен жүздесуі — соңғы 40–50 жылдың жүзі» [2, 13]. Туғанына 250 жыл толған арқалы ақынның өз атымен тұңғыш рет жоғарыда аталған жинақ шықты. Жинақ негізінен үш бөлімнен құралған. Соңғы шыққан «Шал ақын» («Арыс», 2003) басылымына Шал ақынның қазақ және орыс тілдеріндегі шығармалары, белгілі ғалымдардың ғылыми мақалалары енгізілген.

1998 жылғы қазанның 25 күні Петропавл қаласында Шал ақынның туғанына 250-жыл толуы құрметіне халықаралық ғылыми-теориялық конференция, қарашада Алматыда Ұлттық ғылым академиясының ұйымдастыруымен «Шал Құлекеұлы және ақындық өнер» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциялар өткізіліп, облыс орталығында, ақынның туған ауданында оның 250 жылдық мерейтойына арналған әртүрлі өнер сайыстары, айтыс, тағы басқа шаралар өткізілді. 1999 жылғы желтоқсанның 14-де Елбасының Жарлығымен ақынның туған ауданы «Шал ақын ауданы» деп аталды.

Шал ақынға деп әдейі арналып шыққан алғашқы кітаптың алғы сөзінде Шал ақын жөнінде әдемі пікір айтылады. «Екі жарым ғасырға жуық уақыт бойы шығармалары ел жадында осыншама көлемде сақталған Шал Құлекеұлы — тек біздің ұлттық әдебиетімізде ғана емес, жалпы дүние жүзі халықтарының әдебиетінде өте сирек кездесетін феномендік құбылыс. Ол қазақ әдебиетінің айтыс өнерінде шағын да болса шығармасы сақталған бірінші ақын» [3, 7]. Бұл, әрине, ақынға берілген үлкен баға. Еліші алтын қазына, рухани байлықтың көзі, әсіресе, ауыз әдебиетінен қалған көне поэзияны сақтаушы. Шал ақын жөніндегі көптеген деректердің ел аузынан алынғандығы осының дәлелі болмақ. Біз осы дипломдық жұмысымызда ақын мұрасының зерттелу тарихына, шалтану ілімінің жүріп өткен сара жолына тоқталып, сол арқылы ақынға және оның шығармашылығына өз тарапымыздан баға беруге тырыстық..

Қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар халық ақыны Тілеуке Құлекеұлының сан қырлы әдеби мұралары бүгінгі күні де өз маңызын жоймаған асыл жауһарлар. Ұлттық әдебиетке сан алуан жаңашылдық алып келген ақын мұрасы әдебиетші, тарихшы, өнертанушы ғалымдардың келелі үлкен зерттеулеріне арқау болды. Ақын мұрасын зерттеп, өзіндік баға беруде, оны қалың көпшілікке танытуда, насихаттауда шалтану ілімінің кешегісі мен бүгінгісінде зор еңбек атқарған ғалымдар зерттеулерін бір арнаға біріктіріп, талдап, сараладық. Осы мәселелер біздің диплом жұмысымыздың зерттеу нысанына алынған тақырыптың өзектілігі мен көкейкестілігін көрсете алады ғой деп ойлаймыз.

Зерттеу тақырыбының тақырыбының жаңашылдығы Шал Құлекеұлы, оның әдеби мұрасы жайында әр түрлі сипатта айтылып жүрген пікірлер мен көзқарастарды, зерттеулерді бір ізге салып, ғылыми-зерттеушілік тұрғыда түйінді де тұжырымды ой айту болып табылады. Диплом жұмысымыздың негізгі зерттеу нысанасы – майталман ақын, сөз зергері Шал Құлекеұлының

әдеби мұралары және оның зерттелу тарихы, Шал ақынға қатысты ғалымдар зерттеулері. Шал ақын бір басына қаншама өнер қонған әмбебап дарын иесі. Жыраулар поэзиясынан бөлініп шыққан жеке ақындықтың негізін салушылардың бірі, бұрын-соңды әдебиетте сөз етілмеген тақырыптарды тұңғыш жырлаушы, айтыс өнерінің алғашқы майталмандарының бірі. Сондықтан оның сол кезеңде жасаған әдеби мұраларын ғылыми тұрғыдан талдап, саралаған шалтанушы ғалымдардың зерттеу еңбектерін басшылыққа алып, ақынның қазақ әдебиеті тарихында алар орнын айқындау, қазақ әдебиетіне қосқан үлесіне баға беру жұмысымыздың жаңашылдығы болып саналады.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері ХУІІІ-ХІХ ғасырлар аралығында ғұмыр кешкен, әдебиетте өз ізін қалдырған Шал ақынның әдеби мұрасына ол жайындағы түрлі зерттеу еңбектері негізінде ғылыми талдау жасау, баға беру, ақын шығармашылығының жариялану мен зерттелуі тарихына тоқталу.

Шал ақын Құлекеұлының шығармашылығы, әдеби мұрасы әлі толық зерттеліп, бір арнаға түскен жоқ. Дегенмен ақынның ғұмырнамасы, шығармашылығы жайлы әр кезеңде сан алуан зерттеу еңбектері мен мақалалар жарық көрген болатын. Біз диплом жұмысын жазу барысында Б.Кенжебаев, М.Мағауин, Х.Сүйіншалиев, Ғ.Әбетов, Р. Сыздық, Ж. Ысмағұлов, Р.Бердібай, Ж.Тілепов, С.Негимов, Қ.Жарықбаев, Ө.Айтбайұлы, Н.Ибраева сынды ғалымдар еңбектерін қарастырдық. Аталған ғалымдар зерттеуіндегі ой-пікірлерді басшылыққа алдық. Г.Бельгер, К.Салықов, У.Латанов, Е.Зікібаев, С.Сауытбеков т.б. ақын-жазушылар мен ақынның жерлестерінің естелік, эссе, әңгімелерін де назардан тыс қалдырмадық. Ақын мұрасы жөнінде зерттеушілердің әдебиеттен бөлек лингвистика, стилистика, педагогика, философия, этика сынды ғылымдар саласына қатысты ойларын, мақалаларын да қамтуға ұмтылды.

Зерттеу жұмысымыздың негізгі зерттеу нысанасы – майталман ақын, сөз зергері Шал Құлекеұлының әдеби мұралары және оның зерттелу тарихы, Шал ақынға қатысты ғалымдар зерттеулері. Шал Құлекеұлының шығармашылық мұрасын салыстырмалық талдау мен тану негізінде ақын мұрасына қатысты әдебиет тарихы мен теориясын сөз ететін ғалым зерттеушілердің еңбектері дипломдық жұмыстың теориялық және әдіснамалық негізін құрады. М.Мағауин, Ш.Ыбыраев, Қ.Өмірәлиев, Ө.Күмісбаев, Ж.Ысмағұлов, Қ.Сыдықұлы, Ө.Дербісалин, Ж.Тілепов, Н. Сағындықова сынды көрнекті ғалымдардың зерттеу еңбектері зерттеу жұмыстың тақырыптық идеялық, көркемдік-эстетикалық мәселесін тереңдете түсті. Т.Құлекеұлы жөнінде, оның шығармашылығын тақырыптық, тілдік, көркемдік жағынан талдап-екшеген, ақын поэзиясының ерекшелігін, ұлттық әдебиетті дамытуда атқарған еңбегін лайықты бағалауға ұмтылған, ұлттық әдебиеттанудағы ғылыми-зерттеу еңбектер басшылыққа алынды.

Бұл үшін біз әр түрлі материалдарға сүйене отырып сөз қозғай келе осы зерттеу жұмысымыздың зерттеу әдіс-тәсілдерін анықтап алдық. Шал шығармашылығының зерттелу тарихын салыстырмалық және талдау, жинақтау секілді әдіс-тәсілдер арқылы қарастыруды дұрыс деп таптық. Ұлттық әдебиеттану ғылымында Шал ақын мұрасы түпкілікті зерттеліп-зерделенбей жүргендігіне мән беруге тырыстық.

Ертеде өткен тарихи тұлғаларымызды, олар қалдырған бай асыл мұраны танып-таразылау мүмкіндігі туған шақта Шал Құлекеұлының қазақ әдебиетінің қалыптасуына, жеке ақындық өнердің дамуына үлес қосып, жыраулар салып кеткен дәстүрден нәр алып, талай тақырыпты сөз етіп, талай өлең-жырларымен қазақ әдебиеті қазынасына қосқан мол мұрасы туралы сөз етпеу ең алдымен әдебиетке жасалған қиянат болып табылар еді. Осы тұрғыдан әдебиетші, зерттеуші ғалымдар пікіріне сүйене отырып зерттеу жұмысымызда қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

- Ш.Құлекеұлы – жыраулар поэзиясынан бөлініп шыққан жеке ақындық өнердің басы;
- Шал ақын ұлттық әдебиетте кедейлік, кәрілік, адамның жас ерекшелігі сынды тақырыптарды алғаш қозғаушы;
- Қазақ әдебиетінде айтыс өнерінің негізін салушы – Шал ақын;
- Қыз, әйел болмысын, әйел-ананы тұңғыш жырға қосып, образ деңгейіне дейін көтеруші;
- Шал ақын жақсылық пен жамандық, ізгілік пен зұлымдық, қадір-қасиет, көңіл, сыйластық, сабыр, қанағат, достық, махаббат, бірлік, бірлік, ынтымақ ұғымдарын жан-жақты талдап, өзіндік жүйесі бар этикалық ілімді жасады.

Әдебиеттер:

- 1 Құлекеұлы Ш. Шығармалары. – Алматы: Атамұра, 2003. – 250 б.
- 2 Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы: Мектеп, 2007, – 190 б.
- 3 Сыдиықов Қ. Көркемдік өрнектер. – Алматы: Рауан, 1992. – 80 б.
- 4 Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы: Жазушы, 1991. – 431 б.
- 5 Құлекеұлы Ш. Шығармалары. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999. – 264 б.
- 6 Ысмағұлов Ж Алтын ғасырдың ақ таңы. – Алматы: Арыс, 2009. – 504 б.
- 7 Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы: Жазушы, 1974. – 145 б.

Карим Ж.К., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, дене мәдениеті және спорт факультеті, МДМЖС-51 топ, магистрант
(Ғылыми жетекші - п.ғ.к., профессор Ж.Бөжігіз)

ҚАЗАҚ КҮРЕСІ МЕН АУДАРЫСПАҚТЫҢ НЕГІЗІНДЕ ДЕНЕ САПАЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ

Зерттеудің көкейкестілігі: ұлттық ойындар халқымыздың тарихи-мәдени мұрасы, ата-бабамыздың бізге жеткен асыл қазынасы. Қазақтың ұлттық ойындары ерлікті, батылдық пен қайсарлықты, шынығуды қажет етеді. «Қазақстан Ұлттық энциклопедия» кітабында қазақтың ұлттық ойындарының мән-маңызы туралы былай деп жазылған: «Қазақ ұлты негізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп қойып, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса зор мән берген. Нәтижесінде дәстүрлі бала тәрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойынды орайластырып, дамытып отырған» [1].

Зерттеу мақсаты: спортшының дене сапаларын дамытудағы ұлттық ойындардың маңыздылығын зерттеу.

Зерттеу міндеттері: қазақтың ұлттық спорт ойындары қазақ күрес пен аударыспақ ойындарының спортшының дене сапаларын дамытудағы қызметін салыстыру.

Зерттеу әдістері: мақаламызда ұлттық ойындарды зерттеген ғалымдардың еңбектеріне әдеби талдау жасау және тұжырымдарын саралау.

Қазіргі заманғы педагогикалық үдерісте қазақ халқының ұлттық ойындарын енгізу жағдайларын қарастыра келіп, Ж. Т. Төлегенов қолданылып жүрген ойындарды ұтымды топтастыруға мүмкіндік беретін саралауды ұсынған. Бұл ұсыныс бес топтан тұрады.

- қимыл жылдамдығын, ептілік пен үйлесімділікті дамытуға бағытталған ойындар;
- күшті төзімділікті дамытатын ойындар;
- зейін мен қимыл реакциясына тәрбиелейтін ойындар;
- лақтыру қимылын дамытатын ойындар;
- негізгі қимылдық сапаларды кешенді дамытуға байланысты ойындар [2].

Қазақ халқының дәстүрлі ұлттық ойындарын зерттеп, алғаш рет жүйелеуді ғалым М. Гуннер жасаған: ол өзі жинаған қазақ халқының ұлттық ойындарын ескере отырып оларды мынандай белгілері бойынша саралауды ұсынады:

- жалпы сипаттағы ойындар;
- кедергіжәне күрес элементтері бар ойындар;
- ашық жердегі ойындар;
- қысқы уақыттағы ойындар;
- Демалысқа арналған ойындар;
- Ат спорты ойындары [3].

Мұндай ұсынысты автор қимыл ойындарың ережелерін сараптау негізінде жасайды.

Отандық ғалымдардың негізгі зерттеулерінің өзектілігі – ұлттық ойындардың дене сапаларын жетілдірудегі әсерін, ықпалын айқындау.

Ұлттық ойындар – халқымыздың салт-дәстүрін, тәлім-тәрбиесін дене шынықтырумен байланыстыратын алтын көпір.

Қазақ халқында әр түрлі бағыттағы ұлттық ойындар өте көп. Оның ішінде күш қолдануды талап ететін ойындардың түрлері алуан. Ежелгі заманнан келе жатқан бұл ойындар жаугершілік кезеңде найза ұстап, қылыш сермейтін жауынгерге қажетті қасиеттерді қалыптастырған. Қара